



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igitman01@mail.ru • №47 (95100) 22 қараша 2024 ж.

Ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы

«БІЗ БИДАЙ ЭКСПОРТТАЙТЫН 10 ІРІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТАРЫНА КІРЕМІЗ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Ауылшаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы форумның елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, тың игеру науқанының түрлі салдары болғанына қарамастан ауылшаруашылығында көптеген оң өзгеріс жасалды. Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі астықты елдердің біріне айналды.

– Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиындыққа қарамастан қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмендегенін, ал ұлттық экономиканың өсімі биылғы қаңтар-қазан айларында 4 пайыздан асқанын жеткізді.

– Жыл соңында жалпы құны 1,2 триллион теңгені құрайтын 180 индустриалды жоба іске асырылмақ. Атап айтқанда, Қарағанды облысында катодты мыс, Павлодар облысында ферроқорытпа, Қостанай облысында жүк көліктерінің бөлшектері, Жамбыл облысында цемент, бағалы металл өңдеу өндірісі секілді ірі зауыттар жұмыс істей бастайды. Қазіргі уақытта Алматы облысында вольфрам кенін қайта өңдеу, Қостанай облысында Chevrolet Onix автокөлік маркасын құрастыру, Жамбыл облысында мыс концентраты, Алматы облысында жылу оқшаулағыш материалдары және Шымкент қаласында қыш тақталары өндірістері пайдалануға берілді. Атырау облысында полипропилен шығаратын зауыттың ашылуы мұнай-газ химиясы саласының толықтай қалыптасуына ықпал етті. Алдағы уақытта полиэтилен мен бутадиең өндіру жоспарланған. Маңғыстау облысында еуропалық консорциумның қатысуымен «жасыл» сутегі өндірісі жобасы жүзеге асырылады. Осылайша елімізде озық халықаралық стандарттарға сай және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнім өндіретін жаңа кәсіпорындар құрылып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте).



Улы газды анықтайтын датчиктер орнатылуда

Жетісу облысында әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнату жұмысы аяқталуға таяды. Жалпы өңірде әлеуметтік әлжуаз санатындағы 5787 отбасы болса, бүгінде соның 5619-ына аталған құрылғылар қойылды. Бұл іс осы қараша айының соңына дейін толық атқарылады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Датчиктер орнатуды жергілікті аудан-қала әкімдері, Төтенше жағдайлар департаменті және осы іске жауапты

Ақсу, Көксу қант зауыттары күніне 5 мың тонна өнім қабылдауда

Жетісу облысында себілген 13,7 мың гектар қант қызылшасының бүгінгі күні 11,5 мың гектары, немесе 83,7% қазылып, 545 мың тонна өнім алынды. Қалған 2,2 мың га алқаптарда жиын-терін жұмыстары жалғасуда, қызылшаны қазуға 80 комбайн жұмылдырылған, Ақсу және Көксу қант зауыттары күн сайын орта есеппен өнім тиелген 250 автокөлікті қабылдауда, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 18 қарашадағы мәліметіне қарағанда, қант зауыттарына 445 мың тонна өнім өткізілген. Соның 212 мың тоннасы Көксу қант зауытына, 233 мың тоннасы Ақсу зауытына, оның сыртында Ақсу қант зауытына 29 мың тонна Жамбыл облысынан жеткізілген. Қазылған қант қызылшаның 100 мың тоннасы шаруашылықтардың егістік алқаптарында бұртта жинақталған, қазылатын 2,2 мың гектардан 95 мың тонна қызылша жиналады. Жалпы облыс бойынша жиналатын қызылшаның көлемі 640 мың тоннаға жеткізіледі деп күтілуде.

– Қант қызылшасына берілетін субсидия көлемі ұлғайтылған соң бұл дақылды өсірудің табыстылығы да өсіп, шаруалардың қызығушылығы артты, сөйтіп биылға жоспарланған 10,7 мың гектардың орнына 13,7 мың гектарға, яғни 3,0 мың гектарға артық себілді. Шаруалардың өсірген өнімін дер кезінде қазып алып, зауыттарға өткізуі аса маңызды. Сондықтан өнімді жинау және қабылдау 15 қыркүйектен басталды. Қазір екі зауыт бекітілген кестеге сәйкес күнделікті жалпы 5 мың тонна қант қызылшасын қабылдап отыр, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы

басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Қызылша өткізуге кезекте тұрған көлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасау үшін оларға ыстық тамақ ұйымдастырылуда. Бұл іске зауыттар орналасқан Көксу, Ақсу аудандарымен қатар қызылша өсіруші барлық аудан-қалалардың жергілікті атқарушы органдары да атсалысып жатыр. Егін шаруашылығына, оның ішінде қант қызылшасының өндірісіне мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуде. Атап айтсақ, биыл облыста егін шаруашылығы бағытына жалпы 14 млрд. теңге бөлінді, соның 9,7 млрд. теңгесі басым дақылдарды субсидиялауға, 2,6 млрд. теңгесі минералды тыңайтқыштарды, 1,2 млрд. теңгеге жуығы тұқымдарды, 483 млн. теңгеге жуығы пестицидтерді субсидиялауға қарастырылды. Сол сияқты көктемгі дала және өнімді жинау жұмыстарына 11 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен қант қызылшасы бағытында 5 ауданда жаңа 8 сервистік-дайындау орталығын құруға 2,5 млрд. теңге бөлініп, 62 бірлік себу және өнімді жинау техникасы шаруашылықтарға лизингке берілді, соның 28-і сепкіш, 15-і – жапырақ жинағыш машина, 19-ы – комбайн.

Бүгінгі күнге қант зауыттары шаруашылықтарға қабылдаған қызылшаға 3,3 млрд. теңге төледі, оның ішінде Көксу қант зауыты – 1,4 млрд. теңге, Ақсу қант зауыты – 1,9 млрд. теңге. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан шаруашылықтардан түскен 160 өтінім бойынша 3,1 млрд. теңге субсидия төленді. Зауыттардың шаруалармен есеп айырысуы мен өткізілген өнімді субсидиялау шаралары шаруашылықтардың өтінімдерінің түсуіне қарай жалғасуда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



көлемде сатып алды, бүгінгі күнге соның 699-ы орнатылды, қалған 169-ы қараша айының соңына дейін орнатылып бітеді. Тұрғын үйлерде оқыс жағдайды болдырмау үшін жетісулықтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз, – дейді Жетісу облысы бойынша ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Еламан Аубакиров.

Жалпы ыстан уланудың, өрт қаупінің алдын алу мақсатында облыстық төтенше жағдайлар қызметі үйлердегі датчиктерді тексеріп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын күшейтуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы негізгі мақсат ауылшаруашылығының дамуына серпін беру екенін айтты.

– Ауылшаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала болуы керек. Агро-өнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс.

Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі. Бұл, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауылдағы ағайынның тұрмысы да осы салаға тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде алда атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, саланы индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру, ауылшаруашылығы ғылымын өркендету, селекция мен тұқым шаруашылығын жандандыру, озық технологияларды енгізу, ауылшаруашылығы техникасының қолжетімділігін арттыру және агроөнеркәсіп саласының экспорттық әлеуетін күшейту мәселелерін қозғады.

«БІЗ БИДАЙ ЭКСПОРТТАЙТЫН 10 ІРІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТАРЫНА КІРЕМІЗ»

Мемлекет басшысы келесі жылдың Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғанын атап өтіп, нағыз еңбек адамдары жоғары деңгейде ұлықталуға тиіс екенін айтты. Президент бұл бастама қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби құндылықтарды дәріптеуге ықпал ететініне сенім білдірді.

– Білім мен тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатыны жайында көптеп мысал келтіруге болады. Мұндай сабақтастық шын мәнінде өз ісіне берілген кәсіби мамандарды қалыптастырады. Ауылшаруашылығы саласында да үлгі тұтатын еңбек әулеттері жетерлік. Несібесін қара жерден айырып отырған ауыл тұрғындары отбасы құндылықтарын ерекше сақтайды. Үлкендердің айтқанына құлақ асып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайды. Мықты фермерлік шаруашылық, әдетте бірнеше ұрпақтың еңбегі арқылы құрылады. Бұл салада табысқа тез

жету қиын. Бірақ шаруалар қажырлы еңбек пен төзімнің қайтарымы болатынын жақсы біледі, – деді Мемлекет басшысы.

Форумда Ауылшаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаев, «Зенченко және К» КС директоры Геннадий Зенченко, Alarko Holding бас директоры Үміт Нури Йылдыз, «Aitas KZ компаниялар тобы» АҚ вице-президенті Рабиға Тоқсейітова сөз сөйледі.

Президент Жарлығымен Ауылшаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауылшаруашылық инфрақұрылымның дамуына қосқан үлесі үшін бір топ сала өкілдеріне мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен «Отан» ордені «Зенченко және К» серіктестігінің бас директоры Геннадий Геннадьевич

Зенченкоға берілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының бір топ еңбеккері ІІ және ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек, Президент ауылшаруашылығы өнімін өндірушілердің көрмесін тамашалады. Көрмеде терең өңделген өнімдер, заманауи агротехнологиялар, инвестициялық, соның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобалар ұсынылған. Мемлекет басшысына егін және мал шаруашылықтарындағы, басқа да маңызды бағыттардағы инновациялық шешімдер мен жетістіктер таныстырылды.

Ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына еліміздің түкпір-түкпірінен 2 мыңнан астам адам жиналды. Іс-шараға агрохолдингтердің өкілдері, фермерлер, шаруа қожалықтарының жұмысшылары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен инвесторлар қатысты.

Akorda.kz.

Жолдау

Өркендеуіміздің өзегі болған құжат

Жыл сайын ҚР Президент жолдауы өзіндік жаңалықтарымен, құнды ұсыныстарымен, мемлекеттің өркендеуіне, жаңғыруына негіз болатын тұжырымдармен ерекшеленеді. 2024 жыл 02 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті жолдауын жасады. Жолдау бірнеше мәселеден тұрады. Соның ішінде білім беру саласы туралы мынадай мәселелерді қозғады. Мамандықтардың жетіспеушілігі және білім беру реформасы маңызды деп есептеліп, 2025 жылы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялайтынын айтты. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажеттігіне тоқталды. Адал еңбегімен табысқа жеткен адамдар құрметті, сыйлы болу керек. Өз кәсібін жетік меңгерген адамдар ұлт сапасын арттырады. Әйелдер мен балаларға арналған қылмыстың алдын алу туралы заң қабылданды. Халықта жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады деген сөз бар.

2025 жылдың соңына дейін жаңа форматтағы 2017 мектеп салыну керек деп жоспарланды. Оған 134 млрд теңге бөлінгендігін айтып, үздік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын заманауи мектептер қажет екендігіне тоқталды.

Бұл Жолдаудың орны барлығымыз үшін ерекше. Мемлекет басшысы өз Жолдауында ана мен бала, отбасы жайлы, сондай-ақ балаларға зорлық көрсетуге қатысты қылмыстардың жазасы күшейтілетіндігі жөніндегі мәселелерге тоқталды. Еліміздің болашағы - жас ұрпақты қорғау, оларға дұрыс бағыт беру аға ұрпақтың жауапкершілігінде. Ұстаз ретінде ұлт болашағы үшін отбасы мен бала тәрбиесінің рөлі мен үшін аса маңызды. Жолдауда айтылғандай, балаларға қатысты қылмыстардың жазасы күшейтіліп, қылмыскерлерге кешірім болмайды. Бұл баласы үшін уайым кешкен әрбір ата-ана үшін мықты қолдау болатынына сенімдімін.

С. ЖАКУПОВ,
Алмалы орта мектебінің
ұстазы.

Қоғамдық бақылау жасалды

2024 жылғы 9 қазанда облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Ерғазы Қошанбекұлы, Сарқан ауданының Қоғамдық кеңес мүшесі Тазабекова Кенже Жұмағалиқызы Сарқан қаласының көшелеріне асфальт төсеу және Сарқан қаласының тұрғындарын таза сумен қамтамасыз ету, су қоймасына жөндеу жұмыстарының барысына қоғамдық бақылау жасады.

Бақылау барысына Сарқан аудан әкімінің орынбасары Байғунысов Алмас Ажарханұлы, аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлы, «Сарқан су құбыры» мекемесінің директоры Аубакиров Рахат Тұрысбекұлы, Сарқан ауданының тұрғын үй коммуналдық



шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Каньянов Әсет Таңатарұлы қатысты. Сарқан су жүйесін жөндеу

мердігері «Береке құрылыс» ЖШС-і жұмысты енді бастаған.

Қоғамдық бақылау жобасына тапсырыс беруші «Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы» ММ.

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН ҚҰРУ КЕЗІНДЕ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік кәсіпкерлік ортада болуының орындылығын анықтау мақсатында талдау жүргізді.

Осы талдауды жүргізу барысында «Жетісу облысы білім басқармасының Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылындағы «Балдәурен» балалар шығармашылық орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Кәсіпорын) монополияға қарсы органнан Кәсіпорынды құруға келісім алмағандығы анықталды.

Осыған байланысты Департамент Кәсіпорынға қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарды.

Қазіргі уақытта Департаменттің нұсқамасы орындалды.

*Анықтама**

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 192 - бабының 4-тармағына сәйкес, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құру монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырылады.

ВЫЯВЛЕНА НАРУШЕНИЕ ПРИ СОЗДАНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу (далее - Департамент) был проведен анализ с целью установления целесообразности присутствия государства в предпринимательской среде.

В ходе проведения данного анализа установлено, что ГККП «Детский творческий центр «Балдәурен» в селе Карашоки Кербулакского района ГУ «Отдел образования по Кербулакскому району управления образования области Жетісу» (далее - Предприятия) не получил согласия антимонопольного органа на создание.

В этой связи Департамент вынес предписание об устранении нарушений законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции в отношении Предприятия.

В настоящее время предписание Департамента исполнено.

*Справочно**

Согласно, пункта 4 статьи 192 Предпринимательского Кодекса РК создание государственных предприятий, юридических лиц, более пятидесяти процентов акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству, и аффилированных с ними лиц, которые будут осуществлять свою деятельность на территории Республики Казахстан, осуществляется с согласия антимонопольного органа.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтік әдеп жөнінде нені білу керек?

Әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірибесін сала отырып, құмарлықпен және адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидалары:

- заңдылық;
- Қазақстандық патриотизм;
- азаматтың құқықтары, бостандығы мен заңды мүддесінің мемлекет алдындағы басымдығы;
- лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;
- мемлекеттік қызметшілердің кәсіпқойлығы;
- әдептілік;
- құқық бұзушылықтарға төзбеушілік.

Мемлекеттік қызметшілердің орындауы тиіс негізгі әдептілік талаптары:

- жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына негізделген мемлекеттік қызметтің әдеп нормаларының негізі мен қағидаларын сақтауға;

- мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық қаупін тудыруға қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеуге;

- егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен көзделген міндеттерді атқаруға, тыйым салған және шектерді сақтауға;

- мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтарды жасамауға;

- мүдделер қақтығысын болғызбауға және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға;

- егер мүдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерін орындамауға;

- қызметтік функцияны атқаруға қатысты тиімді, нәтижелі, ашықтық тәсілдерді іздеуге және пайдалануға;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

- өзіне бағынысты мемлекеттік қызметшілерден лауазымдық өкілеттіктері шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

- қызметтік өкілеттігін пайдалана отырып өзіне және отбасы мүшелеріне игіліктер және артықшылықтар алмауға;

- лауазымдық міндеттерін пайдалануға және өзге де жеке мүдделері үшін пайдаланбауға;

- пара немесе параға жақын құқық бұзушылыққа жататын құқық бұзушылықтарды жасамауға;

- қызметте жалпы қамқорлық немесе қызмет бабында кетушілікке жол бермеуге;

- мемлекеттік қызметке кіру және мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар бермеуге;

- шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетпеуге;

- қызметтік тәртіпті сақтауға, басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін уақытылы орындауға;

- қызметтік ақпаратты жарияламауға, оның ішінде әдеуметтік желілер арқылы;

- Қазақстанда тұратын барлық ұлттың салт-дәстүрлерін, ғұрыптарын және тілдерін құрметтеуге;

- өз өкілеттігін атқара отырып жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін жеке мүддесі үшін пайдаланбауға;

- әріптестерімен және азаматтармен іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға;

- қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттарын сақтауға, қоғамға жақ мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;

- әріптестеріне өз діни көзқарасын ашық көрсетпеуге, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемегеуге;

- сырт келбеті іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленуге;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін жасады деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға;

- көпшілік алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттарын сақтауға;

- мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-сайысты сыпайы нысанда жүргізуі тиіс.

Қызметтік әдеп нормаларын сақтамау сыбайлас жемқорлыққа, әр түрлі құқық бұзушылықтар мен теріс пайдаланушылыққа жағдай туғызады, сондай-ақ тәртіптік шара қолдануға алып келеді.

Мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларын мінсіз сақтау қызметтегі бағалауда және ілгерілеуде оң әсерін тигізеді.

**Ұлан ЕРДЕНБЕКОВ,
Сарқан ауданының әкімі
аппаратының басшысы, әдеп
жөніндегі уәкілі.**

СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ

О взаимодействии в вопросах пресечения незаконной добычи общераспространенных полезных ископаемых на территории области Жетісу

11 ноября 2024 год

В целях пресечения незаконной добычи общераспространенных полезных ископаемых на территории области Жетісу, предотвращения хищения бюджетных средств за счет использования государственных ресурсов и организации совершенствования взаимодействия между РГУ «Департамент полиции области Жетісу» (далее - ДП), РГУ «Департамент экологии по области Жетісу» (далее - ДЭ), РГУ «Инспекция транспортного контроля по области Жетісу» (далее - ИТК), РГУ «Южноказахстанский межрегиональный департамент геологии» (далее - МД «Южказнедра»), РГУ «Балкаш-Алакольская бассейновая инспекция по регулированию использования и охране водных ресурсов» (далее - БАБИ), РГУ «Департамент по управлению земельными ресурсами области Жетісу» (далее - ДУЗР) и ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу» (далее - УПИИР), руководствуясь пп.31 п.1 и пп.3,11,15,20 п.2 ст.6 Закона РК «Об органах внутренних дел Республики Казахстан», ст.178 Экологического кодекса Республики Казахстан, п.1 ст.4 и п.2 ст.1 Закона РК «Об автомобильном транспорте», ст.37 Водного кодекса Республики Казахстан, Законом РК «О недрах и недропользовании», п.2 ст.147 Земельного кодекса Республики Казахстан, а также п.8,9,19 ст.27 и пп.3,4,10 п.1 ст.31 Закона РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», ПРИКАЗЫВАЕМ:

1. Государственным органам (ДП, ДЭ, МД «Южказнедра», УПИИР, ДУЗР, БАБИ, ИТК и акиматам городов/районов (далее - государственные органы).

1.1. организовать совместную работу по предотвращению незаконной добычи общераспространенных полезных ископаемых;

1.2. принимать исчерпывающие меры по своевременному выявлению и задержанию «чернокопателей», а также их транспортных средств, с обязательным применением к ним мер обеспечения путем доставления на специализированные стоянки;

1.3. осуществлять контроль на постах и рубежах области на законность перевозки ОПИ;

1.4. на постоянной основе осуществлять мониторинг СМИ на предмет выявления незаконной добычи ОПИ, с принятием мер реагирования, предусмотренных законом;

1.5. размещать на ведомственных сайтах и в СМИ сведения о проводимой работе, телефонах доверия и электронных адресах для передачи информации о фактах незаконной добычи ОПИ.

2. Департаменту полиции обеспечить:

2.1. проведение с уполномоченными государственными органами рейдовых мероприятий по установлению нелегальных карьеров и пресечения деятельности по незаконной добыче ОПИ на территории области;

2.2. обязательную проверку пояснений грузоперевозчиков, которые транспортируют ОПИ без товарно-транспортных документов, путем оперативного установления мест их погрузки;

2.3. своевременное уведомление уполномоченных государственных органов о выявленных фактах в соответствии с их компетенцией (по нарушениям в водоохранных зонах - в БАБИ, по остальным - в ДЭ);

2.4. всесторонность и полноту материалов по выявленным фактам незаконной добычи ПГС, зарегистрированных в КУИ, при их направлении в уполномоченные органы;

2.5. проведение с уполномоченными органами (ДЭ, БАБИ) на ежеквартальной основе сверки по материалам, направленным в порядке части 5 статьи 181 УПК;

2.6. оперативное направление сотрудников природоохранной полиции/УИП на место незаконной добычи ОПИ по сообщению физических лиц, в том числе опубликованных в СМИ, а также ИТК, переданному на пульт «102».

3. Департаменту экологии обеспечить:

3.1. оперативное реагирование на информацию, поступающую из государственных органов;

3.2. содействие государственным органам по контролю исполнения недропользователями контрактных обязательств в части охраны окружающей среды;

3.3. своевременное рассмотрение дел по материалам КУИ, поступившим из органов полиции, а также проведение расчета штрафа в процентном соотношении от суммы причиненного ущерба ресурсам недр, вследствие незаконного недропользования;

3.4. предоставление ответной информации в органы полиции о принятых мерах по поступившим материалам КУИ по фактам незаконной добычи ОПИ.

4. Инспекции транспортного контроля обеспечить:

4.1. проведение с ДП рейдовых мероприятий по выявлению незаконных перевозок ОПИ на территории области;

4.2. контроль передвижными постами транспортного контроля на территории области за деятельностью перевозчиков, осуществляющих транспортировку ОПИ без товарно-транспортных накладных;

4.3. при выявлении со стороны грузоперевозчиков нарушений законности, принятие мер реагирования, в том числе предусмотренных ст. 785 КоАП РК;

4.4. своевременное уведомление органов полиции о фактах незаконной добычи ОПИ путем передачи сообщения на пульт «102» для принятия соответствующих мер в пределах компетенции;

4.5. привлечение к предусмотренной законом ответственности грузоотправителей, осуществивших реализацию ОПИ, в том числе по сведениям, установленных органами полиции мест погрузки ОПИ без товарно-транспортных накладных.

5. МД «Южказнедра» обеспечить:

5.1. после приема на бумажном носителе геологического отчета, для целей обобщения сведений направление сводной информации заинтересованным государственным органам;

5.2. предоставление информации по запросу ДЭ и УПИИР касательно выданных либо переоформленных горных отводов (границы контрактников) недропользователям.

6. Балкаш-Алакольской бассейновой инспекции обеспечить:

6.1. осуществление с уполномоченными государственными органами взаимодействия по пресечению незаконной добычи ОПИ;

6.2. оперативное реагирование на информацию, поступающую из государственных органов, а также полученную по результатам мониторинга СМИ, по незаконной добыче ОПИ в водоохранных зонах;

6.3. своевременное рассмотрение дел об административном правонарушении по материалам органов полиции, зарегистрированным в КУИ.

7. Департаменту по управлению земельными ресурсами обеспечить:

7.1. принятие и своевременную регистрацию информации, поступившую из уполномоченных органов о нарушениях недропользователями и иными лицами земельного законодательства, с проведением проверки;

7.2. предоставление информации по запросам ДЭ, МД «Южказнедра» и УПИИР. о принятых мерах по выявленным фактам нарушения недропользователями добычи ОПИ с предоставлением материалов.

8. УПИИР области обеспечить:

8.1. контроль за исполнением недропользователями условий контрактов по лицензионным/контрактным условиям, предоставляемых МД «Южказнедра»;

8.2. незамедлительное направление в ДЭ и МД «Южказнедра» сведений по прекратившим действие контрактным и по новым заключенным контактам на недропользование (в части информации объекта и субъекта недропользования);

8.3. разработку совместно с ДЭ и МД «Южказнедра» Памятки для рабочей группы, включающую в себя информацию по правоустанавливающим и разрешительным документам, наличие которых должно быть обязательно у каждого недропользователя ОПИ.

9. Акиматам районов и городов обеспечить:

9.1. паспортизацию объектов недропользования с установкой на участках недропользования информационных стенов;

9.2. работу по выявлению и пресечению на территории района или города фактов незаконного самозахвата, нерационального и нецелевого использования земель и своевременному информированию уполномоченных органов;

9.3. всестороннее содействие рабочей группе по выявлению фактов незаконного недропользования;

9.4. организацию специальных стоянок для водворения задержанной автотехники «чернокопателей».

10. Контроль за исполнением настоящего совместного приказа возложить на руководителей государственных органов.

Ответственным за сбор, анализ и обобщение информации, связанной с выполнением настоящего приказа, определить Департамент экологии.

11. Настоящий совместный приказ вступает в силу со дня подписания.

Руководитель Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу С.Сабатайұлы

И.о. Начальник ПД области Жетісу С.Кулинов

Руководитель Департамента по управлению земельными ресурсами области Жетісу М.Картабаев

Руководитель Инспекции транспортного контроля по области Жетісу Д.Жумакулов

Руководитель Департамента экологии по области Жетісу Т.Байтасов

Руководитель Департамента по регулированию использования водных ресурсов «Балкаш-Алакольская бассейновая инспекция» С.Мейрамбеков

Руководитель РГУ «Южно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии» А.Коркотов

Браконьерство

Браконьерство – это настоящий преступный бизнес, в который потенциально может быть вовлечен абсолютно любой человек. Оно всегда было и остается огромной экологической проблемой не только для нашей страны, но и для всего мира. Несмотря на запреты и строгие законы, по сей день, браконьеры продолжают наносить неизмеримый вред природе. Объектами для расхитителей природных богатств может стать что угодно: меха, рога, древесина, редкие виды растений или даже отдельные представители животного мира.

Проблема браконьерства, на сегодняшний день, является глобальной и системной. Данная проблема приобрела невиданные масштабы, и помимо охоты и рыболовства не в сезон и на запрещенных территориях, охватывает еще и охоту с незарегистрированным оружием и отсутствием соответствующих документов.

Браконьерство влечет за собой губительные последствия, о которых некоторые даже не задумываются. К примеру, хищники и многие травоядные животные не в состоянии восстанавливать свое поголовье быстрее, чем их убивают. Это может привести к изменению всей диаспоры. Только объединив все возможные усилия, можно остановить браконьерство и защитить природу.

**К. САРЫБАЕВ,
гос.инспектор Аманбоктерского лесничества Сарканского филиала РГП
«Жонгар-Алатауского» ГНПП.**

Денсаулық

Қазақстанда МӘМС жүйесінде 585 мыңнан астам студент сақтандырылған. Олар үшін жарналарды мемлекет төлейді, яғни 15 жеңілдік санатына кіреді. Медициналық сақтандыру қоры студенттердің ең жиі қоятын сұрақтарына жауап берді.

Студенттердің барлығы мемлекет есебінен сақтандырыла ала ма?

МӘМС жүйесінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде оқитындар жеңілдік санатына кіре алады. Олар үшін оқу кезеңінде мемлекет МӘМС жарналарын төлейді.

Жұмыс беруші студент қызметкері үшін МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеуі керек пе?

Жоқ, жұмыс беруші студенттер үшін жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады. Олар оқу орнын тәмәмдағанға дейін автоматты түрде сақтандырылады. Айта кету керек, студент жеке кәсіпкер немесе жалдамалы жұмысшы болса да, олардың жеңілдік санаты сақталады.

Шетелде оқитын студент мемлекет есебінен сақтандырылуы мүмкін бе?

Иә, ол үшін Egov порталындағы «шетелде оқитын студенттерді тіркеу» мемлекеттік қызметін пайдалану қажет.



МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕР: Жүі қойылатын сұрақтарға жауап

Содан кейін, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі өтінімді қарап, тіркеген соң, студенттер МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылады.

Күндізгі бөлімде оқитын студент медициналық қызметкерді шұғыл алу қажет, алайда оның мәртебесі сақтандырылмаған болып шықты. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Студент оқу барысында сақтандыру мәртебесі сақталуы үшін өзінің оқу орнына жүгініп, деректерін ЖООБЖ (Жоғары оқу орындарының бірыңғай жүйесі) жүйесінде бар-жоғын тексеру қажет. Студенттер туралы мәліметтер Қорға осы жүйе арқылы түседі. Бұл мәселемен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне де жүгінуге болады.

Бұл сұрақ шешімін тапқанша, Қор уақытша бір айға сақтандырылған мәртебесін бере алады. Ол үшін Qoldau 24/7 қосымшасын жүктеп, оқу орнынан анықтаманы қосып, мәртебе беру туралы өтінім қалдыру қажет.

Жұмыс беруші студент қызметкер үшін жарналар мен аударымдарды төлеп келді. Жарналарды қайтаруға бола ма?

Қазақстанда оқитын шетелдіктер тұрақты тұруға рұқсаты болған жағдайда студент ретінде жеңілдік санатын ала алады, себебі шетел азаматтарының МӘМС жүйесіндегі құқығы мен міндеттері Қазақстан азаматтарымен бірдей.

Иә, жұмыс беруші «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазу қажет.

Жұмыс берушіге қызметкері оқуын аяқтаса да, студент ретінде жеңілдік санаты бар деп МӘМС төлемдері қайтарылып жатыр. Бұл қатені қалай түзеуге болады?

Медициналық сақтандыру қоры жеңілдік санаттары туралы деректерді тиісті мемлекеттік органдардан алады. Бұл жағдайда Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде деректерді түзету қажет. Қызметкер жеке тәртіппен аталған министрліктерге жеңілдікті санатты алып тастау туралы өтінішпен жүгіне алады.

Қазақстанда оқитын шетелдік студенттер жеңілдік санатына үміткер бола ала ма?

Қазақстанда оқитын шетелдіктер тұрақты тұруға рұқсаты болған жағдайда студент ретінде жеңілдік санатын ала алады, себебі шетел азаматтарының МӘМС жүйесіндегі құқығы мен міндеттері Қазақстан азаматтарымен бірдей.

Қазақстан аумағында халықаралық шарт негізінде уақытша тұратын шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелері, егер заңдарда немесе халықаралық шарттарда көзделмесе, МӘМС жүйесінде Қазақстан азаматтарымен бірдей құқықтар мен міндеттерге ие. Бұл жағдайда халықаралық шарттарды басшылыққа алу қажет.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Мезгіл мәселесі

АЛЛАНЫҢ АМАНАТЫ

Омар Һайям: «Жүректің түріп құлағын, Ойланып тағы қарашы. Кімсің сен, қайда тұрағың? Енді қайда барасың?», – деген екен. Қай заманда, не себепті айтқанын бір Алла біледі. Дегенмен де өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Жүректің түріп құлағын» бізде ойланып көрейік.

Жақында мешіттің жанында бір топ жастардың «Ақи, сізге Алла разы болсын!», «Ақи көрінбей кеттіңіз ғой», деген сөздерін естіп, әңгімелеріне құлақ түрдім. Орынды орынсыз «Мәшалла», «Әлһамдулла», «Ақи» деген сияқты сөздерді екі - үш минуттың ішінде әрқайсысы он-он бес рет айтты.

– Жігіттер ақи деген не?, – деп сұрадым.

– Бауыр деген сөз ғой, араб тілінде, – деді пысықтау біреуі.

Бұдан басқа да араб сөздері күнделікті тірлігімізге сыналап кіріп келе жатқаны белгілі. Мәңке бидің солтүстіктегі көршімізге еліктеуіміздің соңы: «Орыс-қазақ қосылып, Бір-біріне үйір болар. Сөйткен заман кез келсе, Түзелуі қиын болар», – дегені айна қатесіз келді ғой. Қиын болса да, түзеле бастадық па дегенде Алланың дінін алдыға тартып, араб болайық деген әңгіме айтыла бастады. Осылай еліктеуімізді қоймасак, түптің-түбінде мәңгүрттеніп, қара тобырға айналып, ұлт ретінде жойылып кетпейміз бе?!

Ресей империясы бізді отарлау алдында елімізге көптеген саяхатшылар, миссионерлер жібергенін білеміз. Солардың бірі Ресейдің шығыстанушысы, педагог-миссионер Николай Ильминский Мәскеуге жазған бір хатында: «Қазақ деген рухы мықты халық екен. Алаш десе атқа қонады. Біз оларды ешқашан жеңе алмаймыз. Бірақ бір жолы бар. Бұлардың даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Сексеуіл балтамен жарылмайды. Сондықтан сексеуілді сексеуілге ұрып жарады. Міне, қазақтарға осы тәсілді қолдануымыз керек. Яғни, қазақты қазақпен ұрсақ қана жеңіске жетеміз», – депті. Ол тәсілдің қалай қолданғанын, нәтижесі қалай болғанын өздеріңіз де білесіздер.

Енді «жүректің құлағын түріп» тыңдап көрейікші. Не естідіңіз? Мен сексеуілді сексеуілге ұрып жатқан дыбыстарды естідім. Сол тәсіл әлі де жалғасуда. Бүгінде бір қазақты – жаңа қазақ, мәңгүрт қазақ, оралман, шалақазақ деп, бір мұсылманды бірнеше ағымға бөліп, бір-біріне ұрып келеді. Ру-руға бөлініп жүргеніміз өз алдына. Бір Аллаға құлшылық жасап жүріп, бір-бірімізді жақтырмайтын жағдайға жеттік. Біреудің сақалын, біреудің балағын, біреудің намаздағы тұрысын сөз қыламыз. Олар да бізді жетістіріп жүрген жоқ. Бірақ, бәріміз біреулердің қолындағы сексеуіл екендігімізге мән бермейміз.

Осыдан екі мың жыл бұрын Цицерон: «Билік пен байлық уақытша дүниелер» десе, бабаларымыз: «Бетеге кетіп, бел қалар, бектер кетіп, ел қалар, берекең кетсе, нең қалар», – деп өсиет қалдырыпты. Шындығында біреулер кетеді, біреулер келеді, бірақ осы ел мен жердің иесі де, киесі де қазақ халқы. Қасиетті Құранда Алла тағала: «Біз сендерді ұлт пен ұлыстарға бөлдік» дейді. Егер бәрімізді орыс немесе араб жасағысы келсе Аллаға түк қиындығы жоқ. Ал ұлттарға бөлген екен, сол ұлттығымызды сақтап қалу бізге аманат. Аманатқа қиянат жасағанның арты жақсы болмайтыны бесенеден белгілі.

Жұмахмет ЖАНАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Ауыл шаруашылығы

Бабын тапсаң балтамырдың берері мол

Агроөнеркәсіп шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөлінетін Сарқан ауданы осы сала бойынша ауыз толтырып айтар жетістіктерден кенде емес. Әсіресе, ала жаздай өсіріп-өндірген алқап өнімін шашау шығармай жинап алуға талпынған диқандардың қант қызылшасынан бұрын соңды болмаған көрсеткіштерге қол жеткізгені еңбекқор жерлестеріміздің ырыс-құты ортаймайтынына сендіреді.

Аудандағы басты дақыл болып саналатын балтамырды жинау қыркүйектің 14-інен басталған. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадықтың берген ақпараты бойынша өңірде тәтті түбір өсірумен айналысатын 60 шаруа қожалығының дені балтамырды көршілес Ақсу ауданындағы қант зауытына тасымал жасап үлгерді. Бүгінгі күнге 2921 гектарға себілген қант қызылшасының өнімі жиналып, орташа өнімділік гектарына 566 центнерден айналууда. Ауа-райының құбылмалығына байланысты тәтті түбірі жиналмай жатқан алқап иелері етек-жеңін тездеп-қымтап үлгеруге асығулы. Бүгінгі таңда қант қызылшасын егемін деушілерге барлық жағдай қарастырылғаны тек аянбай тер төгіп, еңбек ету керектігі ауылдықтар санасына орныққаны сөзсіз.

Шаруа қожалықтары биыл ауа-райының қолайлығын, жауын-шашынның көп болуын пайдаланып мол өнім жинап алуды көздеуде. Қант қызылшасын өсіруде мол тәжірибе жинақтаған «Абылқасымов» шаруа қожалығының жетекшісі Нұрлан Абылқасымовпен сөйлескенімізде, ол күтімі келіскен қант қызылшасы алқабынан мол өнім алуға болатынын алға тартты.

– Биыл тәтті түбірді екінші жыл өсіргелі отырмыз. Биыл 220 гектарға қант қызылшасын егіп, одан 16 мың тонна өнім алып, Ақсу қант зауытына жөнелттік. Мемлекеттен қант қызылшасының техникасына 50 пайыз, сепкішке 50 пайыз субсидия алдық. Осындай қолдау өз кезегінде шаруа адамын ынталандырып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Нұрлан Балтабекұлы.

Сарқан қалалық әкімдігінің бас маманы Тілеужан Әскербектің мәліметінше қала бойынша 382 гектар егістік алқабына 5 шаруа қожалық, 1 ЖШС қант қызылшасын сепкен болатын. Қазіргі таңда толыққанды қазып алынды. Алынған өнімді "Ақсу Қант" зауытына өткізу жұмыстары жүргізілуде. Зауытқа қазіргі таңда 1 шаруа қожалық алған өнімдерін толық өткізіп болса, қалған шаруалардың өнімдері кезек күтіп тұр. Қала бойынша осы уақытқа дейін өткізілген 16 000 тоннаға жуық тәтті түбірдің гектарына орташа өнімділігі 500-550 центнерді құрап отыр.

Алдағы жылы тәтті түбірді өсіру, оның көлемін ұлғайту және өнімділігін арттыру ауданның маңызды стратегиялық саласы болып қала бермек.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Туған тілім тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Әссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өссе тілім, мен де бірге өшемін, -
деп Әбділдә Тәжібаев жырлағандай қай
елде болса да тіл құрметті құдіретті. Тіл
– достықтың кілті, ынтымақтастықтың ба-
стауы. Тіл – халықтың рухани байлығы,
өткені мен болашағының айқын көрінісі.

Мұқан Төлебаевтың мемориалды му-
зей қызметкерлері Лепсі ауылының «Тіл»
оқу-әдістемелік орталығымен бірігіп
«Тіл - ұлттың жүрегі» атты танымдық
шара өткізді. Шараға Жетісу облысы
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығының бас-
шысы Жолдыбаев Жеңіс Хамитұлы,
Сарқан ауданы «Тіл» оқу-әдістемелік
орталығының меңгерушісі Сагинова
Аружан Арманқызы, Лепсі округінің әкімі
Қияс Ақтөре, Сарқан аудандық маслихат
депутаты Исаков Асхат Төлеуханұлы,
мәдениет үйінің қызметкерлері, ор-
ман шаруашылығы, 54 орта мектебінің,
Ушинский орта мектебінің оқушылары
және Лепсі ауылының тұрғындары келіп
тамашалады. Шара барысында қазақ
тілінің шығу тарихына шолу жасап, 54
орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің
мұғалімі Амина Хамитқызы өзінің қазақ
тіл жайлы баяндамасымен ой бөлісті.
«Тіл» оқу-әдістемелік филиалының
тыңдаушысы Боярская Светлана Ива-
новна Абай Құнанбаевтың «Пайда ойла-
ма, ар ойла» өлеңін, Көкжиде ауылдық
кітапханасының кітапханашысы Тенизба-
ева Зульфия Алдашевнә және К.Ушинский
орта мектебінің хатшысы Бегильдаева



ТІЛ - ҰЛТТЫҢ ЖҮРЕГІ

Ельнара Гайдаровнаның орындауын-
да Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері,
Амиртаева Фрида Яковлевнаның орын-
дауында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың
«Қазақ тілі» өлеңдері мәнерлеп оқылды.
Мәдениет үйінің қызметкерлерінің орын-
дауында патриоттық рухтағы әндер
шырқалып, 54 орта мектебінің «Балау-
са» би тобы өз өнерлерін көрсетті. Шара
соңында Сарқан ауданы әкімінің орынба-
сары Байғұнысов Алмас Ажарханұлының
«Алғыс хатын» Лепсі округінің әкімі Қияс
Ақтөре табыстады.

Тілім менің – ғасырлардан аманат,
Аманатқа адал болсын Қанағат,
Ар-намысқа келтірмейік жаманат.
Қазақ болып туылдың ба, ендеше,
Өз тіліңді өзгелерге бағалат,- дей
отыра қазақ тілін мәртебесін көтеріп,
қазақ тілін барынша дәріптеп, наси-
хаттап жүрген Жетісу облысы «Тіл»
оқу-әдістемелік орталығының барша

қызметкерлеріне ыстық ілтипатымызды
білдіреміз.

Әр адамның азаматтық қасиеті-
салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған
жерін, атамекенін сүюмен, өзінің ана
тілін білумен өлшенбек. Біліп қана
қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану ая-
сын кеңейтіп, тілге деген жанашырлық
сезімінің болуынан көрініс табады. Ен-
деше, татулық пен тұрақтылықтың
негізінде болған туған тіліміз тұғырлы,
тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін
баршамыз тіл мерейінің жоғарылуы үшін
әрекет ету қажеттілігі туындап отыр.
Туған тіліміздің мерейі үстем болсын!

А.ЖҰМАБЕК,

**Мұқан Төлебаевтың мемориалды
музейінің экскурсия жетекшісі.**

Ойымыз бен бойымызды өсірген "Алтын күз"



Ауданымыздағы ең іргелі балабақша
"Балдырған" бөбекжайында жыл
он екі ай үздіксіз еліміздің ертеңі -
балаларымызға тағылымды тәрбие

беру мақсатында түрлі
іс-шаралар өткізіледі.

Мысалы жуырда
аталмыш бөбекжай
бақшасында "Алтын
күз" атауы аясында
ерекше ертеңгілік өткі-
зілді. Шараның мақ-
саты бүлдіршіндерге
күз мезгілінің ерекше-
ліктерін ұғындыру,
берекелі күздің өнімде-
рімен таныстыру, олар-
дың адам ағзасына пайдасын түсіндіру
болды. Әрі мерекелік көңіл-күй орнатып,
балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі

іс-әрекеттерге тарту бейімділіктерін
арттыру болды.

Шара аясында күздің кереметтері
- жеміс-жидек, көкөніс болып киінген
балақайлар бал тілдерімен тақпақ
айтып, ата-аналарын зор қуанышқа
бөледі. Сондай-ақ көрініс қойып, жеміс-
жидектердің пайдасын көрерменге
көрсетті. Дамытушылық ойын кішкен-
тайлардың танымдық қабілетін артты-
рып, жақсы әсер сыйлады.

Г.МУЛКАМАНОВА,

**"Балдырған" бөбекжай бақшасы
"Балдәурен" тобының тәрбиешісі.**

А.АХБАНБАЕВА,
кітапханашы.

Өмірдің толқынында бол

**«Азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы» КЕАҚ гранты
«Жетісу облысы қоғамдық даму
басқармасы» ММ тапсырысы-
мен «Бас бостандығынан айы-
ру орындарынан босатылған
адамдарға көмек көрсету» басым
бағыты бойынша «Жас Ұрпақ»
жастар қоғамдық бірлестігі
Жетісу облысында «QOLDAU»
әлеуметтік бейімдеу орталығы
әлеуметтік жобасын ағымдағы
жылы жүзеге асыруда. Бүгінгі
таңда Жетісу облысында Проба-
ция қызметінде 916 адам есепте
түр (605 бас бостандығын шек-
теу, 173 шартты түрде сотталған,
және пробация есебінде тұр.**

Адамдардың қылмыстық құқық
бұзушылықтар жасауының алдын алу
үшін олардың мінез-құлқын түзеуге
бағытталған бақылау және әлеуметтік-
құқықтық сипаттағы қызмет түрлері
мен жеке айқындалатын шаралар
жүйесі болуы тиіс. Пробация қайта
қылмыс жасаудың алдын алады. Де-
мек, аталған әлеуметтік жоба арқылы
қайта даярлау, қайта бейімделу,

қоғамдық тәрбие, заңгерлік көмек,
әлеуметтендіру жұмыстарын жүйелеу
көзделеді. Осы орайда жобаның
маңыздылығын басшылыққа алып,
мақсат-міндеттеріне қол жеткізуіміз
қажет.

Осы орайда Жетісу облыстық
прокуратурасының қолдауымен 8 ау-
дан, 2 қала қамтылу жоспарланып,
бағдарлама бойынша психолог Калиева
Бақыт Асанқызы «Өмірдің толқынында
бол» психологиялық тренингті өткізді.
Тренингтің мақсаты есепте тұрған бас
бостандығынан айыру орындарынан
шыққан адамдарды әлеуметтенуге
бағыттау, кәсіптік білім деңгейін көтеру,
оларды қоғамдық ортаға бейімдеу және
заңгерлік, психологиялық қолдау бол-
ды.

«Өмірдің толқынында бол» атты
тренингке Сарқан аудандық проба-
ция тәрбиесіндегі 19 азамат тренинг-
ке қатыстырылды және тренингтің
маңыздылығына, түсінгендіктеріне кіріс,
шығыс сауалнамалар алынып, кері бай-
ланыс орнатылды. Сарқан аудандық
пробация қызметі бөлімшесінің бастығы,
әділет майоры Еркенов Мадияр Алтае-
вич аймақта пробация есебінде тұрған
сотталғандарды жұмыспен қамту



мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді,
өйткені тұрақты еңбекпен айналысу
қоғамға бейімделудің маңызды факто-
ры болып табылады деп сөзін аяқтады

Жоба жетекшісі Құлатай Айдос
Мұратұлының айтуынша, «Қолдау»
орталығы өз бағдарламаларын
кеңейтіп, көбірек мамандар мен
серіктестерді тартуды жоспарлап отыр.
Бұл пробациядан өткен адамдарға
тиімді қолдау көрсету және бейімдеу
үшін қажет. Орталықтың мақсаты –
кешенді қолдау және бейімдеу жүйесін
құру, бұл өз кезегінде қылмыстың
қайталану деңгейін төмендетіп, өңірдегі
әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал
ететінін айтты.

Осылайша, «Қолдау» орталығы

Жетісу облысының реабилитациялық
жүйесінде маңызды орын алып,
бағдарламаға қатысушыларына
қоғамда өз орнын табуға, болашақты
құруға қажетті дағдыларды
меңгеруге және қайталанған құқық
бұзушылықтардың алдын алуға
мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Жетісу
облысының пробация есебіндегі 50
азаматтарға «Талдықорған жоғарғы
политехникалық колледжі» ШЖҚ
кәсіптік техникалық мамандыққа
оқытып, сертифициатталғанын ақпарат-
тады. Ендігі кезекте жұмысқа орнала-
стыру жәрмеңкесін ұйымдастырып,
жобаны қорытындылау жоспарланған.

Д.АСҚАНБАЕВ.

Жоба

Аудандық мәслихаттың шешімі

Сарқан ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025 - 2029 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алмалы, Аманбөктер, Амангелді, Бақалы, Екіаша, Қарабөгет, Қарашыған, Қойлық, Көктерек, Лепсі, Черкасск, Шатырбай ауылдық округтерінде және Сарқан қаласы 2025 - 2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарлар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 осы шешімнің қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының «Экономика, бюджет, аграрлық сала, жер қатынастары, экология, кәсіпкерлікті дамыту және туризм мәселелер жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М. Разбеков

Проект

Решение районного маслихата

Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Сарканскому району на 2023 – 2024 годы

В соответствии с подпунктом 1) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О пастбищах» Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить планы по управлению пастбищами и их использованию в сельских округах Алмалы, Аманбөктер, Амангельды, Бақалы, Екіаша, Қарабөгет, Қарашыған, Қойлық, Көктерек, Лепсі, Черкасск, Шатырбай и города Сарқан на 2025 – 2029 год согласно приложениям 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 настоящего решения.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию "По вопросам экономики, бюджета, аграрной сферы, земельных отношений, экологии, развития предпринимательства и туризма"


3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования.

Председатель Сарканского районного маслихата


М. Разбеков

Жайылым пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар белгіленген схема (карта)


Алмалы ауылдық округі



Қарабөгет ауылдық округі




Черкасск ауылдық округі




Аманбөктер ауылдық округі




Қойлық ауылдық округі



Қарашыған ауылдық округі




Амангелді ауылдық округі




Көктерек ауылдық округі




Шатырбай ауылдық округі




Бақалы ауылдық округі




Лепсі ауылдық округі



Сарқан қалалық округі



Екіаша ауылдық округі



№ 1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША САРҚАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ҚҰДИЯРОВ ЖӘЛЕЛ ҚАЛЕЛҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Сарқан қаласының сайлаушылары!

Мен, Құдияров Жәлеп, 1968 жылы 28 тамызда Талдықорған облысы, Сарқан ауданы, Аманбектер ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген үлкен тәжірибемнің арқасында мәселелерді шешу жолдарын білемін.

№ 1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖОСПАРЫМ:

► Жолдардың сапасын жақсарту мақсатында Панфилов, Хиуаз Доспанова көшелерінің жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілуіне ықпал етемін;

► Нұрпейсов, Жансүгіров көшелерінің жарықтандыруына үлесімді қосамын;

► Медициналық көмек көрсету, білім беру қызметінің сапасын арттыру мәселелеріне қолдау көрсетемін;

► Қала тұрғындарының спортпен шұғылданыуына қолайлы жағдай жасауға күш саламын;

► Аудан тұрғындарын сапалы таза ауыз сумен қамтамасыз етуге ықпал етемін.

► Бұқаралық спортты дамыту мақсатында қала тұрғындарының спортпен шұғылданыуына атсалысамын

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта қаламыздағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын! Сіздер маған сенім артып, 2024 жылы 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беріңіздер, қала өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын, өз таңдауыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін!



№ 1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША САРҚАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР НҰРҚАСЫМ ЕРНАР САМАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен Нұрқасым Ернар Саматұлы 25.03.1995 жылы Сарқан қаласында дүниеге келдім. 2016 жылы 1 тамызда «Сарқан ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тәжірибеден өтіп, аудандық мәдениет үйінде заңгер, аудан әкімі аппаратында бас маман-заңгер, заң және мемлекеттік – құқықтық жұмысы бөлімшесінің басшысы баспалдақтарынан өттім. Бүгінгі таңда аудандық "Мансап" орталығының басшысымын.

Менің бағдарламамда № 1 сайлау округі бойынша өзекті мәселелер қамтылған. Мүмкіндігінше сайлаушыларымның әлеуметтік тұрмысына көңіл бөлемін. Жұмыспен қамту көрсеткішін көтеремін, жұмыссыздықты азайтамын, қолдауға мұқтаж адамдармен, отбасылармен қарым-қатынасты үзбей, әлеуметтік көмекпен қамтылуын назарда ұстаймын.

Жекелеген азаматтарды қабылдауда туындаған мәселелердің шешімін табуына үлес қосамын.

Түйіндеп айтқанда аудан тұрғындары мен билік арасында сенімді қатынас қалыптастыруға үлес қосамын.



№ 1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША САРҚАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ШҮКІРБАЕВ ОЛЖАС НҰРҒОЖАҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Шүкірбаев Олжас Нұрғожаұлы 1996 жылы 19 ақпанда Талдықорған қаласында дүниеге келдім. 2014 жылы Сарқан қаласындағы Ақын Сара атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы әскер қатарына шақырылдым да Павлодар қаласында азаматтық борышымды өтедім. 2015 жылы Орталық Азия университетіне түсіп, 2019 жылы аталған оқу орнын заңтану мамандығы бойынша тәмамдадым. Еңбек жолымды Сарқан аудандық жұмыспен қамту орталығынан жастар практикасынан бастап, осы орталықта, аудандық кәсіпкерлік бөлімінде мамандығым бойынша қызмет атқарып, биылғы шілде айында "Аманат" партиясының

филиалында кеңесші болдым.

2024 жылдың қазан айынан бері әдеп-құқық жөніндегі ментор қызметіндемін.

Сарқан қаласындағы өзекті мәселелер қатарында көшелерді асфальттау, көше шамдарын орнату, тозығы жеткен электр жүйелерін алмастыру міндет болып табылады.

Әлі де болса қалаішілік көшелердің қанағаттанарлықсыз жағдайы, көшелердегі қауіпсіздіктерді арты-

ру үшін жарықтандыру мәселелері тұрғындарды алаңдатып отыр. Сонымен қатар аудан бойынша электр жүйелерінің тозығы жетуі сын көтермейді. Трансформаторлардың электр тарату күшін ұлғайту мақсатында жаңарту жұмыстарының қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Міне, осылайша менің ел сенімін иеленген кезде негізгі жұмысым жерлестерімнің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады.



Еңбек адамы



Шағын және орта кәсіппен айналысу – бүгінгі қоғамның басты тіршілік көзі саналады. Демек, нарықтық заманда аталған бағытта жұмыс жасау қалыпты жағдай екені белгілі. Өңірімізде жыл санап кәсіпкерлер қатары көбейіп, кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Сол кәсіпкерлердің бірі Сарқан қаласының тұрғыны Борис Кайса есімді азамат. Жазда суға түсетін бассейндер мол болғанымен күз бен қыста суға түсе алмайсың. Міне осы олқылықтың орны толды. Кейіпкеріміз тұрғындар үшін заманауи үлгідегі бассейні бар қоғамдық монша ашып, ауданның кәсіпкерлік көкжиегін кеңейтіп отырған жайы бар.

Борис Анатолийұлының айтуынша, 70 басқа арналған қора-жайы болған. Сондағы ірі қараларды сойып, сатып қаражатты аталмыш іске жұмсап отырған. Жалпы моншаның құрылысына, ішіне, керекті құрал-

Кәсіпкер қолдауға мұқтаж

жабдықтар мен жиһаздардың барлығына 12 жыл бұрын 18 мың доллар қаражат жұмсалған. Көпшілік тұрғындардың айтуынша, алдын ала уақыт кестесі бойынша тапсырыс беріп жазылып қоймаса, мүлдем орын болмай қалатын көрінеді.

– Бұрындары қызымды аптасына 2 рет Талдықорған қаласындағы аквапаркке апаратынмын. Кейіннен ойлап қарасам балаларын қалаға апаруға әрбір отбасының жағдайы келмейді. Содан басыма бассейні бар монша салу туралы ой келді. «Еңбек түбі – береке» демекші, еңбегіміздің арқасында моншамыз өзіміздің де көпшіліктің де көңілінен шығып жатыр. Заман талабына сай моншаны барынша заманауи үлгідегі дизайнмен жасауға тырыстық. Газ баллонымен жылытылатын моншада 6 адамға арналған жуынатын бөлме бар. Моншада барлық жағдай қарастырылған. Себебі

әр бөлмеде өзінің демалатын, киім ауыстыратын, жуынатын және бу бөлмесі бөлек-бөлек жасалынған. Одан бөлек моншаға келушілерге суға түсетін аяқ-киім де беріледі. Сонымен қатар туған күн немесе қандай да бір басқосуды атап өтуге арналған үлкен жарық бөлме де бар. Кәуап пісіруге арналған орын да ыңғайластырылған. Моншаның құнына келетін болсақ, бассейнімен қосқанда әр адамға сағатына 2000 теңге болады. Тұрғындар ақжарма алғыстарын айтып, көптің көңілдерінен шығуда, – дейді кәсіпкер Борис Кайса.

Кәсіпкердің айтуынша бұл жерде жазда аквапарк қызмет жасайды. Бассейннің ұзындығы 9 метрді құраса, ені 4 метр болады. Тереңдігі 1 метрден асады. Екі күн сумен толтырса, үш күн жылытады екен. Бұрындары «Даму» қорына несие алуға жүгінген, бірақ олардан қолдау болған жоқ. «Бастау-бизнес» жобасы бойынша оқып, сертификат та алған. Бұрынырақта Борис кәсіпті өркендету үшін отбасының атынан әр түрлі банктерден 24 миллионға жуық



қаржыны іске жұмсаған. Әлі банктерге 16 миллион теңгедей берешек. Кейінгі кезде салынған қаражатты, есіл еңбекті ақтамай отырғаннан кейін моншаны сату ойы барлығын да жеткізді. Мемлекеттен қолдау болмаса кәсіп түрін іске асырып отырған шаруа адамының жағдайы болмай тұр. Аулада балалар үшін қыста сырғанайтын қарды үйіп, үлкен төбешік (горка) жасап қойған.

Жылы жүзді, іскерлігі сөзі мен ісінен айқын аңғарылатын азаматтың болашаққа жоспары көп-ақ. Әттең, қаржының жоқтығы, үкімет тарапынан қолдаудың болмауы қолын байлап отыр.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

"Шағын және орта бизнесті толыққанды қолдау үшін кешенді шаралар қабылдау керек. Олар елімізді дамытуда маңызды рөл атқаратынын толық сезінуге тиіс. Кәсіпкерлерге көмек көрсетуіміз керек. Әйткені, олар – экономикамыздың тірегі. Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің "жаңа толқыны" қажет".

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауынан.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ
ОРАЙ «КӨНЕДЕН БАСТАУ АЛҒАН ДАНАЛЫҒЫМ»
ТАҚЫРЫБЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР
ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, АҚЫН ЖОМАРТ ИГІМАН
АТЫНДАҒЫ ЖАС АҚЫНДАР БАЙҚАУЫ**

Мектеп оқушылары арасындағы көркемсөз оқу шеберлерінің, жас ақындардың байқауы Тәуелсіздік күніне арналады.

Байқаудың мақсаты:
Жомарт Игіман шығармашылығын жастар арасында насихаттап, ақынның туындылары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухқа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқаудың ережесі:
Байқау 2024 жылғы желтоқсанның 6-сында аудандық Мәдениет үйінде өтеді. Байқауға қатысушылар ақынның бір туындысын және өзінің шығармашылығынан бір өлеңді жатқа оқиды.

Қазылар алқасы қала мектептерінен іріктеуден өткен көркемсөз оқушылардың шеберлігін сарапқа салып, жүлделі үш орынның және ынталандыру сыйлықтарының жеңімпаздарын айқындайды.

Талапкерлердің мәтінді таңдау талғамына, оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін ұстауына баса мән беріледі.

Мектеп әкімшіліктері байқауға қатысушылар туралы мәліметті (аты-жөні, мектебі, сыныбы, өлең тақырыбы) желтоқсанның 1-іне дейін аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне тапсыру керек.

Анықтама үшін 2-18-82.



**Аудандық ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт бөлімі.**

Құттықтаймыз!

Қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі құрметіне осы салада 30 жылға жуық қызмет атқарып келе жатқан Сарқан қазынашылық басқармасының басшысы **Орынова Ғалия Төлеуғалиқызы** «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Марапат иесін шын жүректен құттықтаймыз!



«Сарқан газеті» ЖШС ұжымы.

•Байқау

Үш бәйтерек - үш діңгек



2024 жылы 7 қараша күні аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен Абай атындағы мектеп-гимназия және "Тіл" оқу орталығының ұйымдастыруымен "Үш бәйтерек-үш діңгек" атты Ілияс, Сәкен, Бейімбеттей алып тұлғаларымызға арналған байқау өтті. Байқау 4 кезеңнен тұрды. Таныстыру кезеңінде топтар Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет берді. Өнер сайысында қатысушы алыптар шығармашылығынан бір ән немесе өлең жолдарын көпшілік назарына ұсынды. 3-кезеңде үш Бәйтеректің шығармашылығынан немесе өмірінен сахналық көрініс қойылды. 4-кезеңде ұлы тұлғаларға арналған арнауға кезек берілді. Байқауға ауданымыздың ардагерлер ұйымы, аудандық кітапхана қызметкерлері, курс тыңдаушылары мен мектеп оқушылары қатысты. Байқау қорытындысы бойынша 1-орынды «Теңдік жыршысы» тобы, 2-орынды «Туған жерім – Сарыарқа» тобы, 3-орынды «Поэзияның құлагері» тобы еншілеп, қатысушыларға алғыс хат пен сыйлықтар табысталды.

А.АРГЫНБАЕВА,
ұйымдастыру тобының жетекшісі.

ЕСКЕ АЛУ

Досымыз, Пограничник ауылының тумасы **Жайлаубаев Қайрат Көпжасарұлы** Алматы қаласында 10-қарашада құрылыста жүріп абайсызда 5 қабаттан құлап қайтыс болды. Марқұмның отбасына, ет жақындарына ауыр қайғыны бөлісіп, көңіл айтамыз.



Өттең-ай... Бауырым-ай, Қайратым-ай!
Аңғалым-ай, байқамай қалғаның-ай...
Қия басып бір қадам алға жүріп...
Арамыздан алшақтап қалғаның-ай...
Өттең-ай, Қайратым-ай! Қайратым-ай!
Кім білген ұшарыңды айға бұлай...?
Ағайын, туған- туыс, достарыңмен
Бала-шағаң еңіреп...
Жоқтап сені қалғаны-ай...
Ақкөңіл, жаны жайсаң бауырым-ай!
Алыстап кетті-ау сенің ауылың-ай...
Ұлды ұяға... қызды қияға... деген ойың...
Орындалмай бұл фәниде қалғаның-ай...
Кешегі құшақ толып құшақтаған...
Кездердің елес бола қалғаның-ай...
Тойыңа баратын көп пенделердің...
Өттең... сені жерлеуге, барғаның—ай...
Мүмкін сені біз пенде көрмесек те...
Бақида не боларын білмесек те...
Аруағың «көз қиығын» сала жүрсін,
Жер басып жүрген біздей пенделерге.

**Қайраттың достарының атынан Бейбіт ҚҰСБЕКОВ,
ШҚО, Мақаншы ауданы, Жарбұлақ ауылы.**

СӨЗЖҰМБАҚ

Қазақстан қорықтары

Газетіміздің өткен санындағы "Қазақстан қазбалары" сөзжұмбағының жауаптары:

- 1.Қалайы;
2. Марганец;
- 3.Газ;
- 4.Асбест;
- 5.Мұнай;
- 6.Алтын;
- 7.Қорғасын;
- 8.Көмір;
9. Мыс.

Сөзжұмбақты осы жолы да дұрыс шешкен "Сарқан" газетінің тұрақты оқырманы Ажар Мөдікешова алғысқа лайық.

